

Бұл – нормалану емес, тіл шұбарлаудың асқынған түрі.

Троллинг, тілдік агрессия сияқты проблемалар қозғалған жерде қарапайым сөз емес, тұрпайы, дөрекі сөздердің қолданылуы бірге жүреді. Дәлел келтірейік. Фейсбук торабын пайдаланушы блогер Бақтияр Хамит деген былай деп жазады: *Байқайсыздар ма, соңғы кездері бозауыз араластырып пост жазу сәнге айналып барады. Көшедегі адамдар емес, көзі ашық, көкірегі ояу дейтін азаматтар орыстың «кәкәй» сөздерінсіз ой жеткізе алмайтын деңгейге жеткен... Не деуге болады? Ақыры боқтайды екенсіңдер, тек қазақша боқтаңдаршы, қарақтар...* Осы жазбаға берілген комментарийлер бұл үрдістің тіпті күшейіп тұрғанын байқатады, комментарийлерде мынадай мәтіндер бар:

*Еркектер былай тұрсын, әйелдер де боқтап жазады.*

*Бетпақтық пен долылықты батырлыққа балап, жұрт соларды қолпақтап мәз.*

*Диана деген беелсендіге талай айтып, бұл әдетінің дұрыс еместігін ұқтыра алмай шаршадым.*

*Кейде боқтамасаң іс бітпейді.*

*Қазақшада керек емес, боқтап жеткізбей-ақ қазақша небір өңменіңнен өткізе, жер жебіріне жеткізе, сансырап қалған санасына сарқылта құятын сөздер бар ғой. Егер саналы болса, атам қазақта ықылым заманнан сөзге тоқтау қылған, бір ауыз сөзді емеуріннен ұғып түсінер, боқтықпен аузыңды былғап, бұл жерде абыройыңнан дырдай болғанша, шұрайлы тілімізді оңтайлы пайдаланып жеткізген дұрыс қой (Бұл пост алынды: [4, 64].*

Ғаламтор тілімізге індет жұқтырды, тіл эрозияға ұшырап бара жатыр. Ең таңқаларлығы – қазақ тілтанушыларының арасында мұны қазақ тілінің өзгеріп дамуы ретінде қарайтын үрдіс бар. Мұны тіл мамандары прагматикамен байланыстырады. Прагматизмде мынадай психологиялық фактор бар: әлеуметтік торап адамның ішкі қажеттілігін, яғни ішкі эгоны қанағаттандырудың ең ыңғайлы әдісі. Қоғамда өз орнын таба алмай жүрген томаға тұйық адамдар үшін торап керемет құралға айналды. Тораптарды пайдалану арқылы олар өздерін басқаша сезінеді, лайк жинау, пікір жазу, селфи жасау немесе өздері өзекті деп санайтын ойын жеткізу, өзін жарнамалау арқылы ішкі эголарын қанағаттандырады. Шынайы өмірде жасай алмағанын ауани өмірде жүзеге асырғысы келеді. Осы жайт тілді кері синергиялық құбылыс тудырып отыр: синергия бейберекеттен реттілікке қарай қозғалысты білдірсе, қазіргі ғаламтордағы сөйлеу (ауызша, жазбаша) реттіліктен бейберекетке қарай кетіп барады.

Ғаламтор тілінің мәдениеті экологиялық қамқорлыққа зәру. Ғаламторды қолданушылардың тілдік санасымен жұмыс істеу жолдарын іздеген жөн.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Пірімбетов Т.Т. Қазақ тіліндегі қарапайым сөздер: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1988.
2. Гутшмидт К. Общие тенденции и специфические формы их реализации в современных славянских языках // Jazykovedny casopis, 49. – Варшава, 1998. - №2.
3. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері. Оқулық. – Астана: Л.Н. гумилев атындағы ЕҰУ, 2006.
4. Құрманбекова З.Р. Тілдік қатынасты жүзеге асырудағы әлеуметтік желінің рөлі (қоғамдық сана және тіл мәдениеті мәнмәтінінде): философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2024.

#### **Әли Тойжігітов**

Қазақстанның Құрметті журналисі. Ақпарат саласының үздігі.

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері.

#### **ТІЛШІ ҒАЛЫМ - ТҰРМАҚАН**

Мұғалім. Оқытушы. Ұстаз. Осынау қасиетті ұғымдардың өмірден алар орны бөлек. Бәріміз мұғалімнен білім алып, сауатымызды аштық. Болашақ мамандығымызды да мектеп қабырғасынан таңдап, солармен кеңескен кездеріміз аз болған жоқ. Тіпті сахна саңлағы

Серке Қожамқұловтың : «Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін.»- деуі тегін емес. Ендеше, ұстазды ұмытпау әрі, ұлықтау керек.

Сондай оқытушылардың бірі, көрнекті ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент - Тұрмақан Пірімбетов. Ол көп жылдар бойы Евней Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттеріне тұрақты түрде қазақ тілінен дәріс берді. Білікті де тәжірибелі ғалым, жастардың сүйікті ұстазына айналып, әрдайым әріптестерінің арасында абыройлы болды.

Тұрмақан екеуіміз бір жылдың төлі едік. Бірақ ол университетте меннен екі курс төмен оқыды. Білімінің төмендігінен емес, тек семья жағдайына байланысты, қасиетті қарашаңырақтың табалдырығын кештеу аттаған. Біздің негізгі таныстығымыз алғашқы курстан басталып, бертінге дейін, яғни талбесіктен жербесіке түскенше жалғасын тапты. Отбасымызбен араласып, орамыды ой – пікірімен ортақтасып тұрдық.

Өкінішке орай, оның ғұмыры қысқа болды. Әңгімесін айтып, темекісін тартып, арамызда аңқылдап жүрмегеніне де біраз жыл өтті. «Құс төресі Аққу мен қаз болады, ғұмыры жақсылардың аз болады», - деген осы екен ғой! Шіркін - ай, әлі де арамызда жүре тұрғанда дұрыс болар еді! – деп кейде қамығып еске аламыз.

«Өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап», - деп ұлы Абай айтқандай ол өзінің маңдай терімен, адал еңбегінің арқасында ұлағатты ұстаз болды, ғылым кандидаты атанды. Ешкімге жалынбай, біреудің шашпауын көтермей, еңбегімен есейіп, осындай дәрежеге жетті. Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда: «Бейнетпен келген жақсылық қана – шын мәнінде қымбат табыс» - екенін ол жақсы түсінді. Сол үшін де талмай талпынды.

Түрекен, жетпісінші жылдардың соңында семьясын Қарағанды да қалдырып, өзі Алматыда аспирантураның күндізгі бөлімінде оқыды. Қаражат жағынан қатты қиналып жүрді. Ғылым жолына бір жолата бет бұрған ол, ауыз шайуға жетпейтін айлығын алу үшін Қарағандыға келіп тұрды. Өйткені, ҚарМУ-дың атынан оқып жүргендіктен басшылық оны мұнда «кітапханашы» қызметіне тіркеп қойған болатын. Айлық жалақысын алу үшін ведомосқа қол қойуы қажет. Ол кезде құжат мәселесі қазіргідей электронды түрде шешілмеген. Алматыдан айналып келіп, кетудің өзі оның қалтасына әжептеуір салмақ түсіретін. Университет кассасының алдындағы ұзын сонар кезекте оны талай рет көргенбіз. Сондай бір кездесуде: – Әлеке, Алматыға келсең хабарлас. Менің мекен - жайым: Алматы қаласы, Айнабұлақ мөлтек ауданы. №91 үй, 13 пәтер, жұм.тел: 69 -12-26 - деген жазуы бар тілдей қағазды қолыма ұстатқанын әлі ұмытқан емеспін.

Кісілігі бір төбе болатын. Күні – түні көзмайын тауысып, бар уақытын кітапханада өткізетін, жаны жайсаң замандасымның шынайы пейілі мен қонақжайлығына талай рет дән риза болғаным бар. Бірге оқып, қатар жүрген әріптестерінің айтуына қарағанда Алматыда оқи жүріп, ол демалыс күндері көк базарға барып, талай рет қол жүктерін түсірген. Ал кей күндері кешкілік күзетке орналасып, нәпақасын тапқан. Сөйте жүріп, білім тұңғыйығынан сусындай білді.

Кездескен қаншама қыйындықтарға қарамастан ол аспирантураны ойдағыдай бітіріп, көп ұзамай кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Түрекеннің ізденімпаздығы мен ғылымға деген аса құштарлығы және асқан еңбекқорлығы туралы талай рет ауызы дуалы ғалымдардың тапжылмай айтқанын білеміз. Тіпті, ол кандидаттығын қорғаған күннің ертеңіне..., ізін суытпай ана тіліміздің ардақ тұтар академигі Рабиға Сыздықоваға барып: - Маған «докторлық» диссертация қорғауға тақырып беріңізші? – деп өтініш айтқан көрінеді.

Бұл тосын құбылысты біз сияқты құрдастары әлі күнге дейін әзіл – қалжыңмен еске алады. Өйткені, тақырыпты бекіте салу оңай шаруа емес. Мұны ғалымдар жақсы біледі. Яғни, Түрекеннің кандидаттық диссертациясы ғылыми кеңестің отырысынан кейін Москвадағы «жоғары атестациялық комиссияның» (ВАК) арнайы шешімімен бекітілуі қажет. Содан соң ол заңды күшіне енеді. Докторлыққа көптеген құжаттар жинақталып дайындық процестері жүргізілуі тиіс. Оған кемінде 4-5 ай уақыт керек. Ал, Түрекен болса

оны белден бірақ басып, сол күні академиктің алдына барған ғой! Бұл – жас ғалымның ғылымға деген ерекше құлшынысынан туған «асығыстық» ұмтылыс еді!

Ол - атақ - абыройдың оңай келмейтінін ерте түсінді. Аз болсын, көп болсын сол ұзақ жылғы ұстаздық еңбегінің жемісін көрді. Бала - шағасын асырап, қатарынан қалдырмай, кішкентайларын ержеткізді. «Жомарттың қолын - жоқтық байлайды» - дендей, көзі тірісінде Түрекең материалдық жағдайдың қиындықтарын көп көрді. Тіпті, ең жақын дос – жолдастар мен ағайын – туыстың той – думаны болмаса, басқадай басы артық басқосуларға көп бара бермейтін. Есесіне, ескі «Волгасымен» балық аулаға жиі барып, таза ауада қыдырғанды жақсы көретін. Қазір міне, қайта келмес сол күндерді қимастықпен еске алып отырмыз.

Өмір – өзен. Сол өзеннің арнасы кеңейгенімен, Тұрмақан үшін ағысы ұзаққа бармады. Жарты жолдан өтебере тартылып қалды. Тек жылғалары ғана жылыстап, жалғасын тауып жатыр... Амал қанша соған көнеміз. Қолдан келер басқа шара жоқ. Атақты Бұқар жырау Абылайхан қайтыс болғанда:

Білсең де өстіп өтерін,  
Дүние саған болды тар.  
Жалғыз туәбе етерім,  
Артыңда қалған атың бар. – деген еді.

Аллаға шүкір, Тұрмақан Пірімбетовтің артында тізгін ұстар ұлдары мен немерелері, оларға бас - көз болып жүретін Алтыны қалды. Ошағынан от кеткен жоқ. Түтіні түзу шығып тұр. Бұл пәниде ол көрмеген қызығын ұрпақтары көрсін, жасамаған жасын осылар жасасын. - дейміз.

...Кеше, түсімде көрдім. Түрекең, ҚарМУ- дың қасында тұр екен... Осы естелікті жазып, қолыма қалам алғансын ба, кім білсін?!.. Әйтеуір, аян берді. Қарасам, Академик Евней Бөкетов ескерткішінің қасында темекі тартып тұр.

- Е.. й.. бауырым, қайдан келдің? – десем, үндемейді. Тек басын сыйпап, жымыып тұр. Күлкісі қандай әдемі!..

Қайран Түрекең-ай, қасиетті қара шаңырағы мен бірге еңбек еткен әріптестерін сағынды ма екен?!

Бұл мақала «Өнегел өмір» (2017 ж)  
атты кітабымда жарық көрген.  
(Автор)

**Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы**  
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор  
«Volashaq» Академиясы  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
[kz\\_dk4kara@mail.ru](mailto:kz_dk4kara@mail.ru)

## **ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ**

Мақалада орта ғасыр ескерткіштері тілі фонетикалық құрамының қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы нақты мысалдармен салыстырыла қарастырылған. Сонымен қатар фонетикалық сәйкестіктер, дыбыстық алмасулар сөз етілген.

**Тірек сөздер:** Орта ғасыр ескерткіштері тілі, фонетикалық құбылыс, қазақ тілінің сабақтастығы, фонетикалық сәйкестік.

Орта ғасыр ескерткіштері тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы жайлы сөз еткенде, сөздердің дыбыстық жағы, одан кейін сөздік қоры және морфологиялық құрамы сөз етіледі.